

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 және 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 мамыр N 804 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен (P050124)

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. "1997 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметі шараларының кең ауқымды жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 1533 қаулысының қ о с ы м ш а с ы н а :

"Реформаларды заңдық қамтамасыз ету" VII бөліміндегі, реттік нөмірі 111:

"Демпинг және орны толтырылатын тарифтер туралы Заң жобасы, наурыз Экономмині, Үкімет 1997 ж. Кеденком, Өнеркәсіпсаудмині, Әділетмині, Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік

комитет"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Антидемпинг туралы Заң жобасы, мамыр Экономсаудамині, Үкімет 1997 ж. Мемкеденкомы, қаулысы Әділетмині".

"Субсидиялар және орны толтырылатын шаралар туралы Заң жобасы, шілде Экономсаудмині, Үкімет 1997 ж. Мемкеденкомы, қаулысы Әділетмині"

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылға арналған заң жобасы жұмыстарының жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 қаңтардағы N 14 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1997 жылға арналған заң жобасы жұмыстарының жоспарына:  
реттік нөмірі 29 жол алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 42 а, 52 а жолдармен толықтырылсын:

"42 а Антидепинг Экономсаудамині, сәуір мамыр маусым  
туралы Мемкеденкомы,  
Әділетмині

-----  
Үкімет шешімдерін  
әзірлеуді

үйлестіру бөлімі

52 а Субсидиялар Экономсаудамині, маусым шілде тамыз  
және орны толтырылатын Мемкеденкомы,  
шаралар туралы Әділетмині

-----  
Үкімет шешімдерін  
әзірлеуді

үйлестіру бөлімі

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*